

"Азаматтық қызметшілерге, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдардың қызметкерлеріне, қазыналық кәсіпорындардың қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесі туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 31 желтоқсандағы № 1193 қаулысына толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 15 желтоқсандағы № 903 қаулысы

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

Қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз

Қазақстан Республикасының Үкіметі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. "Азаматтық қызметшілерге, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдардың қызметкерлеріне, қазыналық кәсіпорындардың қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесі туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 31 желтоқсандағы № 1193 қаулысына мынадай толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген қаулыға 5-қосымша:

мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 6-жолмен толықтырылсын:

"

6		COVID-19 коронавирустық инфекциясымен к ү р е с шеңберінде эпидемияға қ а р с ы іс-шараларда жұмыс істегені және оны жұқтыру қаупі үшін қосымша ақы		
1)	Жоғары тәуекел: COVID-19 коронавирустық инфекциясы бар пациенттерге медициналық көмек көрсету үшін анықталған реанимация бөлімшелері (төсек) мен басқа да стационарларды қоса алғанда, инфекциялық стационарлардың дәрігерлері, орта және кіші медициналық персонал, инфекция жұқтырған пациенттермен және (немесе) биологиялық материалдармен тікелей байланыс жасайтын клиникалық бөлімшелер мен параклиникалық құрылымдардың қызметкерлерін қоса алғанда		Жеті еселік БЛА	Нақты жұмыс істеген сағаттары үшін
				Нақты жұмыс істеген сағаттары үшін тікелей:

2)	<p>Орташа тәуекел: зертханалардың (сынама алуды қабылдау бойынша бөлімдердің) қызметкерлері; санитариялық-эпидемиологиялық қызмет дәрігері, маманы, зертхана маманы, сынама алу маманы, зертханашы</p>		<p>COVID-19 коронавирустық инфекциясымен контаминацияланған биологиялық материалмен; COVID-19 коронавирустық инфекциясын ықтимал жұқтырған адамдардан биологиялық материалды алумен жұмыс істейтіндерге</p>
3)	<p>Төменгі тәуекел: COVID-19 коронавирустық инфекциясы бар пациенттерге медициналық көмек көрсету үшін анықталған реанимация бөлімшелері (төсек) мен басқа да стационарларды қоса алғанда, провизорлық стационарлардың, провизорлық бөлімшелердің дәрігерлері, орта және кіші медициналық персоналы, инфекция жұқтырған пациенттермен және (немесе) биологиялық материалдармен тікелей байланыс жасайтын клиникалық бөлімшелер мен параклиникалық құрылымдардың қызметкерлерін қоса алғанда; COVID-19 коронавирустық инфекциясы бар, сондай-ақ COVID-19 коронавирустық инфекциясын жоққа шығармайтын клиникалық және эпидемиологиялық белгілер бойынша вирустық пневмониясы (COVID-19 коронавирустық инфекциясының ықтимал жағдайы) бар тіркелген контингент қатарынан стационарлық жағдайда пациенттерге медициналық көмек көрсететін, сондай-ақ жіті респираторлық вирустық инфекциялары, пневмониясы бар пациенттерді қабылдауға және эпидемияға қарсы іс-шараларға байланысты биологиялық материалды алуға айқындалған орталық атқарушы органдардың және басқа да орталық мемлекеттік органдардың және олардың аумақтық бөлімшелерінің әскери-медициналық (медициналық) бөлімшелерінің дәрігерлері, орта және кіші медициналық персоналы; карантиндік стационарлардың дәрігерлері, орта және кіші медицина персоналы, жұқпалы пациенттер және (немесе) биологиялық материалдармен тікелей байланыс бар барлық клиникалық бөлімшелер мен параклиникалық құрылымдардың қызметкерлерін қоса алғанда</p>		<p>Үш еселік БЛА</p> <p>Нақты жұмыс істеген сағаттары үшін</p>
	<p>жедел медициналық жәрдемнің, оның ішінде амбулаториялық жағдайда медициналық көмек</p>		<p>COVID-19 коронавирустық инфекциясы диагнозы зертханалық расталған пациентке</p>

<p>көрсететін денсаулық сақтау ұйымдарындағы дәрігерлер, фельдшерлер және жүргізушілер</p>		<p>(пациенттерге) бір немесе одан көп шақырту болғанда нақты жұмыс істеген ауысым үшін</p>
<p>медициналық авиацияны тарта отырып, жедел медициналық жәрдемнің дәрігерлері мен орта медициналық персоналы тартылған жағдайда; шұғыл ден қою бригадаларының және апаттар медицинасы бригадасының дәрігерлері мен орта медицина персоналы, жүргізушілері мен қызметкерлері тартылған жағдайда; мобильді бригадалардың дәрігерлері, орта медицина персоналы және жүргізушілері</p>		<p>Нақты жұмыс істеген сағаттары үшін</p>
<p>осы қаулыға қосымшаның 6-жолының 2) тармақшасында айқындалған қызметкерлерді қоспағанда, санитариялық-эпидемиологиялық, оның ішінде дезинфекциялық қызмет қызметкерлері</p>		<p>Мына: COVID-19 коронавирустық инфекциясы ошақтарына эпидемиологиялық зерттеу кезінде жұмыс істейтіндерге; COVID-19 коронавирустық инфекциясымен ықтимал контаминацияланған биологиялық материалмен тікелей жұмыс істейтіндерге; COVID-19 коронавирустық инфекциясы бар ошақтарда дезинфекциялық іс-шаралар жүргізетіндерге нақты жұмыс істеген сағаттары үшін</p>
<p>жіті респираторлық вирустық инфекциялары, пневмониясы бар пациенттерді қабылдауға және эпидемияға қарсы іс-шараларға байланысты биологиялық материалды алуға айқындалған шұғыл стационарлардың қабылдау бөлімшелерінің, медициналық-санитариялық алғашқы көмек ұйымдарының қызметкерлері</p>		<p>Нақты жұмыс істеген сағаттары үшін</p>
<p>COVID-19 коронавирустық инфекциясы диагнозы расталған мәйіттерге сот-медициналық зерттеу, айыпталушыларға, жәбірленушілерге және басқа адамдарға сот-медициналық сараптама жүргізу өндірісінде тікелей жұмыс істейтін</p>		<p>Нақты жұмыс істеген сағаттары үшін</p>

”;

5-қосымшаға ескертпе:

мынадай мазмұндағы 6 және 7-тармақтармен толықтырылсын:

"6. COVID-19 коронавирустық инфекциясымен күрес шеңберінде эпидемияға қарсы іс-шараларда жұмыс істегені және оны жұқтыру қаупі үшін қосымша ақы тәуекел тобына жатқызылуына байланысты COVID-19 коронавирустық инфекциясымен күрес шеңберінде эпидемияға қарсы іс-шараларға тікелей қатысатын қызметкерлерге де нақты жұмыс істеген сағаттары үшін қолданылады.

7. COVID-19 коронавирустық инфекциясымен күрес шеңберінде эпидемияға қарсы іс-шараларда жұмыс істегені және оны жұқтыру қаупі үшін қосымша ақы төлеу кезінде мемлекеттік қызметшілерге, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдарының жұмыскерлеріне, арнаулы мемлекеттік, құқық қорғау органдарының, қарулы күштердің, басқа да әскерлер мен әскери құралымдардың, мемлекеттік өртке қарсы қызметтің әскери қызметшілері мен қызметкерлері болып табылмайтын қазыналық кәсіпорындардың жұмыскерлеріне "Азаматтық қызметшілерге, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдардың қызметкерлеріне, қазыналық кәсіпорындардың қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесі туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 31 желтоқсандағы № 1193 қаулысының 13-қосымшасының реттік нөмірі 2-жолының 7) тармақшасында көзделген үстемеақыны төлеу тоқтатыла тұрады."

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі және 2021 жылғы 1 қазаннан бастап туындаған құқықтық қатынастарға қолданылады.

*Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі*

А. Мамин